

*"Алматы Ақшамы"*

# ӘКІМ МЕТРО ҚҰРЫЛЫСЫНДА БОЛДЫ

**Қ. Қожақановты  
есте  
қалдыру  
туралы**

Белгілі ғалым,  
Қазақстан  
Республикасы  
денсаулық сақтау  
саласының  
көрнекті қай-  
раткері Қасен  
Қожақанұлы  
Қожақановты  
мәңгі есте  
қалдыру  
мақсатында  
Алматы  
қаласының Әкімі  
Виктор Храпунов  
шешім  
қабылдады.

Онда Қ.Қо-  
жақанов тұрған  
Алматы қаласы  
Қазыбек би  
көшесіндегі №152  
үйдің қабырға-  
сына ескерткіш-  
тақта орнатыл-  
сын, делінген.

**Мұрат МҰҚАШТЕГІ,  
«Алматы ақшамы».**

Осы дүйсенбіде Алматы қаласының Әкімі В.Храпунов жұмысы тоқтап тұрған метро құрылысының бүгінгі жай-жапсарына арнайы көңіл бөліп, жер асты туннеліне түсіп, көріп шықты.

Туннельге түспес бұрын «Алматыметроқұрылысы» АҚ-ның бас директоры М.Өкшебаев мырза Әкім мен оның бірінші орынбасары Я.Заяц мырзаны құрылыстың бүгінгі тыныс-тіршілігімен, проблемаларымен қысқаша таныстырып өтті. Жасыратыны жоқ, бүкіл еліміздің мақтанышы боларлық маңызды құрылыстың бүгінгі жағдайы өте күрделі. Басқасын айтпағанда, мұндағы бірінші желінің өзін аяқтап, іске қосу үшін қыруар қаржы



Суретті түсірген В.ЗАХАРЧЕНКО.

қажет болып отыр. Ондай қаржы қайда? Нәтижесінде құрылыс доғарылып тұр. Мұндағы 850 адамның 60 проценті қазір мерзімсіз демалыста. Еңбекақы мәселесі де қиын.

Әкім Райымбек стансасынан Жібек жолына дейінгі бір шақырымнан астам болашақ метро жолын жүріп өтті. Жол-жөнекей құрылыспен жақын танысып, ірілі-ұсақты

мәселелерді сұрастырды. Істің сыңайына қарағанда, алдағы уақытта метро құрылысы жанданатын тәрізді. Бұл істің шешімін алдағы уақыт көрсетеді.